

"Монополиялық табысты айқындау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2005 жылғы 14 қыркүйектегі N 302 бұйрығына толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2006 жылғы 10 сәуірдегі N 104 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 27 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 4215. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрінің 2006 жылғы 26 қыркүйектегі N 245 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрінің 2006 жылғы 26 қыркүйектегі N 245 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

- 1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.*
- 2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.*

Министр

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
И н д у с т р и я ж ә н е с а у д а м и н и с т р і н і ң
2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 6 қ ы р к ү й е к т е г і
N 2 4 5 б ұ й р ы ғ ы н а
қ о с ы м ш а*

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы и н д у с т р и я ж ә н е с а у д а
м и н и с т р і н і ң к ү ш і ж о й ы л ғ а н к е й б і р б ұ й р ы қ т а р ы н ы ң
т і з б е с і*

3. "Монополиялық табысты айқындау жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Индустрия және сауда министрінің 2005 жылғы 14 қыркүйектегі N 302 бұйрығына толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2006 жылғы 10 сәуірдегі N 104 бұйрығы ("Юридическая газета"

газетінде жарияланған, 2006 ж., N 89-90 (1069-1070) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4215 нөмірімен тіркелген)...

Бәсекелестікті қорғау және дамыту саласындағы заңдарға тәуелді кесімдерді жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Монополиялық табысты айқындау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2005 жылғы 14 қыркүйектегі (Нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3836-нөмірімен тіркелген, " Заң газеті" 2005 жылғы 19 қазандағы N 193 (927) газетінде және Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық кесімдері бюллетенінде жарияланған) N 302 бұйрығына мынадай толықтыру мен өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Монополиялық табысты айқындау жөнiндегi ережесiнде:

4-тарауының 8-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) "Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 4-тармағын және 18-бабын бұзғанда рынок субъектілері (тұлғалар тобы) белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінен негізгі өндірістік құрал-жабдықтарын немесе материалдық емес активтерін, акцияларын (үлестерін, пайларын) алады, нәтижесінде рынок субъектісінің (тұлғалар тобының) аталған іс-әрекеттері (әрекетсіздіктері) бәсекелестікке жол бермеуге, оны шектеуге немесе жоюға және (немесе) тұтынушылардың заңды мүдделеріне қысым жасауға, сондай-ақ рынок субъектісінің (тұлғалар тобының) үстем (монополиялық) жағдайының күшеюіне не пайда болуына әкелді";

9-тармақта "3)" деген цифр "3-1)" деген цифрмен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Бәсекелестікті қорғау комитеті (Мәтішев Ә.Б.) заңнамалық белгіленген тәртіпте осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ұсынсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі А.Б.Баталовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

